


## «Қазақ киіз үйі» Речи Посполита жеріне орнықты

Польшадағы көктем Шығыс Еуропа және Еуразия мәдениеттерін жақындату мақсатымен құрылған жаңа ұйымның туылуымен басталды.

1 наурыз күні Варшавада поляк дипломаты мен қоғам қайраткері, Польшаның Қазақстандағы бұрынғы елшісі (2003-2006 жылдары), «Менің Қазақстаным» ҰЕҰ төрағасы Владыслав Соколовски құрған «Қазақ киіз үйі». **Владыслав Соколовски. Өнер, мәдениет, білім, халықаралық кеңес беру және сауда орталығы»** ([www.jurta.com.pl](http://www.jurta.com.pl), e/mail: [sokolowski@jurta.com.pl](mailto:sokolowski@jurta.com.pl)) жаңа ұйымы өз жұмысын бастады.



Қазақстан және Орта Азия елдерінің мәдениеті мен өнерінің ынташысы мен бағалаушысы болып табылатын Владыслав Соколовски меншігінде бай жасау-жабдығы бар біртума қазақ киіз үйі мен қазақ музыкалық аспаптары, бас киімдер, керамика мен қоладан жасалған ежелгі бұйымдарының коллекциясы бар.



Қазақстан Республикасының Польшадағы Елшісі Алексей Волковпен өткен кездесу барысында В.Соколовски «Қазақ киіз үйі» Ұйымы жұмысының мақсаты – Қазақстан мен Польша арасындағы мәдени-гуманитарлық қатынастар мен іскер ынтымақтастық екенін атап өтті. Оның Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық жылында құрылуы Қазақстан мәдениеті мен өнерінің Шығыс Еуропа аймағында кеңінен таралуына мүмкіндік туғызады. 2010 жыл Қазақстан бастамасымен **Мәдениеттер жақындасуының Халықаралық жылы** болып аталғанын ескере отырып, В.Соколовски бастамасы бейнелі дедер кезеңді болып табылады.

«Қазақ киіз үйі» үстіміздегі жылға бірқатар үлкен шара өткізуді жоспарлап отыр. Осылайша, жазда Польша Балтық теңізінің жағалауында **«Қазақ киіз үйі – ғарыштық өлшем»** көрмесі өткізілмек. В.Соколовскидің пікірінше ол «көшпенділер бірегей үйінің құрылыс технологиясын жетілдіруінің тарихи үдерісін, сол үдерістің салттар мен құндылықтарды қалыптастырумен байланысын, табиғатқа, Жер мен Көкке қатынасын, Ұлы Дала елдерінің әлем мен өмірді философиялық қабылдауын көрсетеді».

**«Қазақ мәдениетіндегі музыкалық аспабтар»** көрмесінің негізіне Музыкалық Аспабтың ғарыштық реттің жасаушысы мен сақтаушысы, Ғарыш, Табиғат пен Адамды үйлесімді бүгіндікке біріктіретін таза энергия бағыттаушы ретіндегі қазақтарға тән ұғымы көрсетіледі. Экспозицияны қазақ көне аңыз-ертегілерінің бейне-суреттері толықтырады.

Сонымен қатар поляк аудиториясын Қорқыт ата, Әл-Фараби, Ахмед Яссауи, Абілқайыр, Абылайхан, Құрманғазы, Абай секілді қазақ тарихи тұлғаларымен таныстыратын «Қазақ жерінің ұлы ойшылары» фотогалереясының ашылуы жоспарлануда.

«Қазақ киіз үйі» жоспарларында сондай-ақ поляк тіліндегі баспа қызметі де бар, соның ішінде «Қазақстан тарихы», «Қазіргі Қазақстан халықтары мен діндері», «Қазақстанның назар аударарлық орындары», «Қазақ тағамдары» секілді кітаптар шығару да бар.

«Қазақ киіз үйі» ортақ атауымен бөлек тақырыптарға, мысалы жаңа Астанаға, Қазақстанның қазіргі өнері мен мәдениетіне, Қазақстан мұнай-газ секторына, туризм мен басқа да жеке тақырыптарға арналған периодты басылымдар мен журналдар шығару да ұйымдастырыла алады.

«Қазақ киіз үйі» хабарлау агенттігі, көркем аударма, қазақстандық тапсырыс берушілердің жарнамалық және ақпараттық материалдарын поляк БАҚ-тарында орналастыру қызметін көрсетеді.

Келешекте «Қазақ киіз үйі» халықаралық кеңес беру, бизнес-форумдар, конференциялар мен семинарлар ұйымдастыру саласында қызмет көрсете алады.

*Польшадағы Қазақстан Елшілігінің баспасөз қызметі*